М. Қойгелдиев



# АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ



ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3(5Қаз)
Қ59

Қойгелдиев М.

Қ59 Алаш қозғалысы: Монография. Екінші кітап. — Алматы: Мектеп, 2017. — 656 б.

ISBN 978-601-07-0845-7

ХХ ғасырдағы Алаш – қазақ ұлт-азаттық қозғалысы ірі екі кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңнің (1905–17 жж.) оқиғалары мен ерекшеліктері монографиялық зерттеудің бірінші кітабында баяндалды. Азаттық қозғалыстың екінші кезеңі (1917–32 жж.) советтік биліктің қалыптасуы мен жүргізген реформалық шараларына түспа-түс келді. Зерттеу жұмысының екінші кітабы азаттық үшін күрестің осы мезгілдегі бағыттары мен ерекшеліктерін көрсетуді мақсат етеді.

Кітап студент жастарға, тарихшы мамандарға, сондай-ақ қалың оқырманға арналған.

Қ $\frac{4702250206-011}{404(05)-17}$ 28-17

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-07-0845-7
ISBN 9965-36-662-4 (Т.1)

© Қойгелдиев М., 2017
© Пак В., мұқабаның безендірілуі, 2017
© "Мектеп" баспасы, көркем безендірілуі, 2017
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүліктік құқықтары "Мектеп" баспасына тиесілі

## Екінші кітапқа алғы сөз

Алаш қозғалысы – қазақ халқының рухани жаңғыруы, мемлекеттік дербестігі және атамекен жерінің тұтастығы үшін жүргізген күресі, яғни қазақ елінің ұлт-азаттық қозғалысы. Ол екі кезеңнен тұрады. Алғашқы кезең (1905–17 жж.) патшалық биліктің соңғы жылдарымен тұстас келді. Бар болғаны он екі жылда ол үлкен жолдан өтті, қазақ халқының табиғи ұлттық мүддесі бар екендігін, ең алдымен, қазақ халқының өзіне таныт-ты, сондай-ақ оны империялық күштерге мойындатты, оларды қазақтың талап-тілегімен есептесуге мәжбүр етті.

Азаттық қозғалыстың екінші кезеңі советтік биліктің құрылған, қалыптасқан және ауқымды реформалық шараларды іске асырған жылдарына сәйкес келді (1917–32 жж.). Большевиктік билік жүргізген өзгерістер бұрынғы империялық әдіс, құралдар арқылы іске асырылды. Советтік билік орнағанға дейін азаттық қозғалыстың басында болған ұлт зиялылары бұл өзгерістерден шеттетілді, тіптен контрреволюциялық, сепаратистік элементтер ретінде қуғын-сүргінге ұшыратылып, жойылды.

Екінші кітап алаш зиялыларының осы соңғы тарихи кезеңдегі өмірі мен қызметіне арналған. Автор алаш зиялыларын екі буыннан тұратын тарихи құбылыс ретінде қарастырады. Екі буынды да, олардың түрлі ерекшеліктеріне қарамастан, біріктіріп тұрған қызыл жіп – ұлт тағдыры. Мұндай ғылыми ұстанымға негіз болған – советтік идеологиялық аппараттың қойнауынан шыққан құжаттық материалдардағы тарихи фактілер.

Кітапты жазуға негіз болған дерек көздері басым түрде тергеу материалдарынан тұрады. Тергеу ісіне тартылған тек алаштық зиялылар емес-тін, олардың қатарында ұлт-азаттық қозғалысқа жанашырлық танытқан ауқаттылар (советтік тарихнама тілінде "байлар". – М.Қ.), советтік идеологияға қырын қараған дін қызметкерлері де болды. ЧК-ОГПУ-НКВД жүргізген перманентті репрессиялық шаралар қазақ қоғамындағы осы үш әлеуметтік күшке – ұлт зиялыларына, ауқаттыларға, дін қызметкерлеріне қарсы бағытталды. Бұл, әрине, дербес талдауды қажет ететін ауқымды тақырыптар. Біз зерттеуімізде репрессиялық аппарат жүргізген бұл шаралардың арасында өзара ішкі логикалық байланыс бар екендігін, олардың қазақ қоғамының ғасырлар бойы қалыптасқан әлеуметтік құрылымын күйретумен аяқталғанын, революциялық әдіс-құралдар арқылы шешілген бұл үрдістің қоғам үшін қасіретті болғанын көрсеттік.